Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаның «Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациясына

Пікір

Зерттеу жұмысы қазіргі білім беру жүйесінде аса өзекті мәселені – білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық негіздерін қарастырады. Қазіргі қоғамдағы білім берудің жаһандану және цифрландыру жағдайында білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін жаңа үлгідегі, жаңашыл ойлайтын, кәсіби құзыретті басшылар қажет. Осы орайда, аталған диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық маңыздылығы жоғары.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі теориялық және бір тәжірибелік бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір тарауда қойылған мақсат пен міндеттер нақты, жүйелі түрде орындалған. Теориялық бөлімде инновациялық басқару, басқару құзыреттілігі мен инновациялық басқару құзыреттілігін талдау, білім менеджері ұғымдарына талдау жасалып, олардың педагогикалық және психологиялық аспектілері қарастырылған, өзіндік анықтамалар ұсынылған. Үшінші бөлімде эксперименттік жұмыста қолданылған диагносикалар мен нәтижелері жүйелі түрде берілген, әдістері мен алынған нәтижелер ғылыми тұрғыдан негізделген.

Зерттеу жұмыстың ғылыми жаңалығы – білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерінің мазмұны мен құрылымын анықтап, оларды қалыптастыруды педагогикалық-психологиялық негіздеу болып отыр. Сонымен қатар, автор құрастырған диагностикалық құралдар мен әдістемелер, ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы ғылыми жаңалық болып табылады. Зерттеу нәтижелерін білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби даму бағдарламаларында, біліктілікті арттыру курстарында, жоғары оқу орындарының білім менеджері бағытындағы оқу үдерісінде қолдануға болады.

Докторант зерттеу тақырыбын терең меңгергенін, ғылыми дереккөздерді жүйелі пайдалана білетінін, эмпирикалық зерттеулерді сауатты ұйымдастыра алатындығын көрсеткен. Эксперимент нәтижелерін өңдеуде статистикалық тәсілдерді дұрыс қолданған, қорытындылар логикалық жағынан негізделген.

Жалпы, диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан өзекті, теориялық және практикалық тұрғыдан негізделген, қойылған мақсаттар мен міндеттер толық орындалған. Докторанттың ғылыми ізденісі мен практикалық жұмысы жоғары деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс аяқталған, зерттеу жұмысына қойылған талаптарға сәйкес келеді.

Қорыта келе, «Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері»

атты диссертация авторы Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевна «6D010300-Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесшісі:
педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а. Н.С. Алгожаева

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«__» _____ 20__ ж./г.

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
FARABI
1934
БИН
990140001154